2026. 13 (2)

# Asian Journal "STEPPE PANORAMA"



ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)
*Құрылтайшысы және баспагері:* Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

*Жарияланым тілдері:* қазақ, орыс, ағылшын.

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК
Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
Журнал сайты: https://ajspiie.com

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2026
© Авторлар ұжымы, 2026

## БАС РЕДАКТОР

**Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

**Аутрам Алан (Outram Alan) —** археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)
**Аширов Адхамжон Азимбаевич —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)
**Әбіл Еркін Аманжолұлы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. (Қазақстан)
**Әлімбай Нұрсан —** тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнологияинститутының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)
**Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).
**Дайнер Александр (Diener Alexander)** – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)
**Жаркен Айгүл Мәліккызы —** тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)
**Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)
**Кригер Виктор (Kriege Viktor) —** тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Баварриялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)
**Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) —** тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)
**Сабурова Татьяна —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)
**Моррисон Александр (Morrison Alexander) —** PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)
**Муминов Әшірбек Құрбанұлы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениетғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)
**Римантас Желвис (Želvys Rimantas) —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)
**Смағұлов Оразақ Смағұлұлы –** тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)
**Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)
**Томохико Уяма —** PhD, Хоккайдо университетінің Славян және Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония)
**Ян У. Кэмпбелл (Ian W. Campbell) —** PhD, Калифорния университетінің профессоры (АҚШ)

## ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

**Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы —** тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

## ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

**Қапаева Айжан Тоқанқызы —** тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих жәнеэтнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)
**Кубеев Рустем Жаулыбайұлы —** Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

## ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

**Бурханов Бимурад Бадритдинұлы —** магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)
**Копеева Сания Жуматайқызы —** магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)
*Учредитель и издатель:* РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова» Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации:
№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раза в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки: история, этнология.

*Языки публикации:* казахский, русский, английский.
*Адрес редакции и издательства:*
050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28
РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК
Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
Сайт журнала: https://ajspiie.com

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2026
© Коллектив авторов, 2026

## ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

**Кабульдинов Зиябек Ермуханович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

## РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Абиль Еркин Аманжолович** — доктор исторических наук, профессор, Депутат Мажилиса Парламента РК. (Казахстан)
**Алимбай Нурсан** — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)
**Аутрам Алан (Outram Alan)** — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)
**Аширов Адхамжон Азимбаевич** — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)
**Вернер Синтия (Werner, Cynthia)** — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)
**Дайнер Александр (Diener Alexander)** – доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)
**Жаркен Айгуль Маликовна** – доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва. (Казахстан)
**Исмагулов Оразак Исмагулович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)
**Кокебаева Гульжаухар Какеновна** — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени Аль Фараби. (Казахстан)
**Кригер Виктор (Kriege Viktor)** — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)
**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)
**Муминов Аширбек Курбанович** — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür AraştırmaMerkezi. (Турция)
**Оайон Изабель (Ohayon Isabelle)** — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)
**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогическийуниверситет. (Литва)
**Сабурова Татьяна** — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)
**Таймагамбетов Жакен Кожахметович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)
**Томохико Уяма** — PhD, профессор Центра славяно-евразийских исследований Хоккайдского университета (Япония)
**Ян Кэмпбелл (Ian W. Campbell)** — PhD, профессор Калифорнийского университета (США)

## ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

**Каипбаева Айнагуль Толганбаевна** — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

## НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

**Капаева Айжан Токановна** — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института историии этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).
**Кубеев Рустем Джаулыбайулы** — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

## ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

**Бурханов Бимурад Бадритдинович** — магистр, научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)
**Копеева Сания Жуматаевна** — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)
*Founder and publisher*: RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

*Publication languages:* Kazakh, Russian, English.
*Editorial and publisher address:*
28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan
RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
Journal website: https://ajspiie.com

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2026
© Group of authors, 2026

**EDITOR-IN-CHIEF**

**Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

**EDITORIAL BOARD**

**Abil Yerkin Amanzholovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Member of the Mazhilis of the Parliament of the RK.(Kazakhstan)
**Alimbay Nursan —** Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History andEthnology. (Kazakhstan)
**Azimqulov Javohir —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)
**Diener Alexander** – Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)
**Ian W. Campbell** — PhD, Professor at the University of California (USA)
**Ismagulov Orazak Ismagulovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)
**Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna —** Doctor of Historical Sciences, Professor at the Al Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)
**Kriege Viktor —** Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)
**Morrison Alexander —** PhD, Professor, University of Oxford. (UK)
**Muminov Ashirbek Kurbanovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for IslamicHistory, Art and Culture. IRCICA (İslвm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)
**Ohayon Isabelle —** Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)
**Outram Alan —** Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)
**Rimantas Želvys —** Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)
**Saburova Tatiana —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)
**Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy ofSciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)
**Werner, Cynthia —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)
**Tomohiko Uyama —** PhD, Professor at the Slavic-Eurasian Research Center, Hokkaido University. (Sapporo, Japan)
**Zharken Aigul —** Doctor of Historical Sciences, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

**EXECUTIVE EDITOR**

**Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna —** Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikahnov Institute of Historyand Ethnology (Kazakhstan).

**ACADEMIC EDITOR**

**Kapaeva Aizhan Tokanovna —** Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of Historyand Ethnology. (Kazakhstan)
**Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly —** researcher at Ch.Ch. Valikahnov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**TECHNICAL SECRETARY**

**Burkhanov Bimurad Badritdinovich —** Master’s, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology.(Kazakhstan)
**Kopeyeva Saniya Zhumataevna —** Master’s, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal "Steppe Panorama"
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 13. Is. 1, pp. 255-268, 2026
Journal homepage: https://ajspiie.com

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2026_13_1_256-269

# THE FORMATION PATTERNS OF A HYBRID LEGAL MODEL IN THE 19TH CENTURY KAZAKH STEPPE

*Teleuova Elmira Teshebaevna*[1], *Zhumadil Arman Kabdeshuly*[2*]

[1]Al-Farabi Kazakh National University
(71, Al-Farabi Ave., 050040 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, associate professor Department of History of Kazakhstan
https://orcid.org/0000-0001-8014-6787. E-mail: teleuova@mail.ru

[2]Al-Farabi Kazakh National University
(71, Al-Farabi Ave., 050040 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, associate professor Department of History of Kazakhstan
https://orcid.org/0009-0009-4813-2989. E-mail: arman66@mail.ru
*Corresponding author

© Valikhanov IHE, 2026
© Teleuova E., Zhumadil A., 2026

**Abstract.** *Introduction.* The formation of a hybrid legal model in the Kazakh steppe in the 19th century represents a unique historical and legal phenomenon that emerged at the intersection of two distinct normative traditions. This process was shaped not only by the administrative integration of imperial institutions, but also by the deeper social logic underpinning the functioning of steppe society. The legal reforms of the Russian Empire – the 1822 Statute, the 1832 Digest of Laws, and the 1864 Judicial Reform – established the foundation for the gradual multi-level institutionalization of judicial authority in the steppe region. These reforms created official frameworks in which traditional courts were permitted only as a lower-level authority, and whose decisions were subject to registration and oversight by the provincial administration. In practice, however, the dual-layered judicial system acquired a resilient character: imperial jurisdiction could not fully replace the structure of traditional society, which relied on collective responsibility, mediative procedures, and the oral transmission of legal norms. As a result, an "institutional hybrid" emerged, in which each legal layer performed different social functions. The conflict and compromise between the two legal systems should be viewed as a dialectical process. While the Empire sought centralized control, traditional institutions attempted to preserve autonomy. Yet the practical functioning of judicial structures demonstrated that the unilateral suppression of traditional law was impossible without the destruction of the same social mechanisms that ensured the stability of steppe society. Therefore, the compromise model – a recognition of certain norms of traditional law, provided that they were registered and supervised – became not a forced concession, but a key foundation for the region's long-term legal stability. *Goals and objectives.* To identify the patterns behind the formation of the hybrid legal model in the Kazakh steppe in the 19th century, which arose through the interaction of the traditional system with the imperial legislation of the Russian Empire. *Tasks.* To analyze the imperial reforms of 1822, 1832, and 1864; to define the functions of traditional law (collective responsibility, mediation, norms of oral communication); to examine the dialogic mechanisms and conflicts between the two systems;

and to identify forms of compromise in family, inheritance, and land-related matters. *Results.* The findings show that the hybrid legal system emerged as a combination of two heterogeneous normative orders. Imperial law sought centralization and oversight, whereas traditional law maintained its effectiveness due to its deep social embeddedness, practices of mediation, and the authority of local judges (biys). Institutional reforms created a multi-level judicial network, but did not eliminate traditional practices, which continued to regulate the daily life of society. Dialogue and conflict between traditional and imperial legal bodies resulted in mutual adaptation, creating a stable hybrid legal landscape. *Conclusion.* Legal dualism – including overlapping jurisdictions, prosecutorial oversight, institutional conflicts, and forms of compromise – defined the specificity of the region’s legal transformation and became the basis for the long-term evolution of local legal culture.
**Keywords:** Customary law, court, imperial order, institutional hybrid
**Acknowledgments.** The article was prepared within the framework of the scientific project AP23489947 “The History of the Steppe Region within the Structure of the Empire, 1822–1917” funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.
**For citation:** Teleuova E., Zhumadil A. The formation patterns of a hybrid legal model in the 19th century Kazakh steppe // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Vol. 13. No. 1. Pp. 256-269. [In Kaz.]. DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_1_256-269

## XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ГИБРИДТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҮЛГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

*Телеуова Эльмира Тешебаевна*[1], *Жұмаділ Арман Қабдешұлы*[2*]

[1]Әль-Фараби атындағы ҚазҰУ
(71-үй, Әл-Фараби даңғылы, 050040 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымыдарының кандидаты, Қазақстан тарихы кафедрасының доценті
https://orcid.org/0000-0001-8014-6787. E-mail: teleuova@mail.ru

[2]Әль-Фараби атындағы ҚазҰУ
(71-үй, Әл-Фараби даңғылы, 050040 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымыдарының кандидаты, Қазақстан тарихы кафедрасының доценті
https://orcid.org/0009-0009-4813-2989. E-mail: arman66@mail.ru
*Автор-корреспондент

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026
© Телеуова Э., Жұмаділ А., 2026

**Аңдатпа.** *Кіріспе.* XIX ғасырдағы қазақ даласында гибридті құқықтық модельдің қалыптасуы екі түрлі нормативтік дәстүрдің тоғысындағы бірегей тарихи-құқықтық құбылыс. Бұл үдеріс империялық институттарды енгізудің әкімшілік тетіктерімен ғана емес, сонымен қатар дала қоғамының жұмыс істеуінің терең әлеуметтік логикасымен де айқындалды. Ресей империясының құқықтық реформалары, 1822 жылғы Жарғы, 1832 жылғы Заңдар жинағы және 1864 жылғы сот реформасы өңірде сот билігінің біртіндеп көпдеңгейлі институционалдануына негіз қалады. Бұл реформалар халық соттарын тек төменгі инстанция ретінде қарастыратын ресми шеңберлерді белгіледі, ал олардың шешімдері губерниялық әкімшілік тарапынан тіркеліп, қадағалануға тиіс болды. Алайда іс жүзінде сот жүйесінің екі қабатты құрылымы орнықты сипат алды: империялық юрисдикция дәстүрлі қоғамның ұжымдық жауапкершілікке, медиативтік рәсімдерге және құқық нормаларының ауызша берілуіне негізделген құрылымын толықтай алмастыра алмады. Соның нәтижесінде әрбір құқық деңгейі өзіне тән әлеуметтік қызметтерді атқаратын «институционалдық гибрид» қалыптасты. Екі құқықтық жүйенің қайшылығы мен ымырасын диалектикалық үдеріс ретінде қарастыру қажет. Империя бақылауды орталықтандыруға ұмтылды, ал дәстүрлі институттар автономияны сақтауға

тырысты. Сот құрылымдарының практикалық жұмыс істеуі дәстүрлі құқықты біржақты басып-жаншу дала қоғамының тұрақтылығын қамтамасыз ететін әлеуметтік механизмдерді бұзбай жүзеге аспайтынын көрсетті. Сондықтан дәстүрлі құқықтың жекелеген нормаларын тіркеу және әкімшілік қадағалау шартымен мойындауға негізделген ымыралы модель еріксіз жасалған жеңілдік емес, өңірдің ұзақ мерзімді құқықтық тұрақтылығының басты тетігіне айналды. *Зерттеудің мақсаты.* XIX ғасырдағы қазақ даласында дәстүрлі жүйе мен Ресей империясының құқықтық заңнамасының өзара әрекеттесуі нәтижесінде қалыптасқан гибридті құқықтық модельдің пайда болу заңдылықтарын айқындау. *Міндеттері.* 1822, 1832 және 1864 жж. империялық реформаларды талдау; дәстүрлі құқықтың функцияларын анықтау (ұжымдық жауапкершілік, медиация, құқық нормаларының ауызша сипаты); екі жүйе арасындағы диалогтық тетіктер мен қақтығыстарды зерттеу; отбасылық, мұрагерлік және жер мәселелеріндегі ымыра формаларын айқындау. *Нәтижелер.* Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, гибридті құқықтық жүйе екі әртекті нормативтік тәртіптің тоғысуы ретінде пайда болды. Империялық құқық орталықтандыру мен бақылауды күшейтуге ұмтылса, дәстүрлі құқық әлеуметтік ішкі тұрақтылық, медиация институты және билердің беделі арқылы тиімділігін сақтап қалды. Институционалдық реформалар көпдеңгейлі сот жүйесін құрғанымен, дәстүрлі практикаларды толықтай жойған жоқ, олар қоғамның күнделікті өмірін реттеуді жалғастырды. Дәстүрлі және империялық құқықтық органдар арасындағы диалог пен қақтығыстар өзара бейімделуге алып келіп, тұрақты гибридті құқықтық ландшафт қалыптастырды. *Қорытынды.* Қосарланған юрисдикция, прокурорлық қадағалау, институционалдық қайшылықтар мен ымыра тетіктерін қамтыған құқықтық дуализм өңірдің құқықтық трансформациясының ерекшелігін айқындап, жергілікті құқықтық мәдениеттің ұзақ мерзімді эволюциясына негіз болды.

**Түйін сөздер:** Дәстүрлі құқық, сот, империялық тәртіп, институционалдық гибрид

**Алғыс.** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым комитетінің АР23489947 – «Империя құрылымындағы Дала өлкесінің тарихы, 1822–1917 жж.» гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде дайындалған.

**Дәйексөз үшін.** Телеуова Э.Т., Жұмаділ А.Қ. XIX ғасырдағы қазақ даласындағы гибридтік құқықтық үлгінің қалыптасу заңдылықтары // Asian Journal "Steppe Panorama". 2026. Т. 13. № 1. 256-269 бб. (Қазақш.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_1_256-269

## ЗАКОНОМЕРНОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ГИБРИДНОЙ ПРАВОВОЙ МОДЕЛИ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В XIX ВЕКЕ

*Телеуова Эльмира Тешебаевна*[1]*, Жумадил Арман Кабдешулы*[2*]

[1]Казахский национальный университет им аль-Фараби
(д. 71, просп. аль-Фараби, 050040 Алматы, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук, доцент кафедры истории Казахстана
https://orcid.org/0000-0001-8014-6787. E-mail: teleuova@mail.ru

[2]Казахский национальный университет им аль-Фараби
(д. 71, просп. аль-Фараби, 050040 Алматы, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук, доцент кафедры истории Казахстана
https://orcid.org/0009-0009-4813-2989. E-mail: arman66@mail.ru
*Автор-корреспондент

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2026
© Телеуова Э., Жумадил А., 2026

**Аннотация.** *Введение.* Формирование гибридной правовой модели в казахской степи XIX века представляет собой уникальный историко-правовой феномен, возникший на пересечении двух различных нормативных традиций. Этот процесс был обусловлен не только

административными механизмами внедрения имперских институтов, но и глубинной социальной логикой функционирования степного общества. Правовые реформы Российской империи – Указ 1822 года, Свод законов 1832 года и судебная реформа 1864 года – заложили основу для постепенной многоуровневой институционализации судебной власти в степном регионе. Эти реформы создавали формальные рамки, где народные суды допускались лишь в качестве низовой инстанции, чьи решения подлежали регистрации и надзору со стороны губернской администрации. Однако на практике двуслойность судебной системы приобрела устойчивый характер: имперская юрисдикция не могла полностью заменить структуру традиционного общества, основанную на коллективной ответственности, медиативных процедурах и устной трансляции правовых норм. В результате сформировался «институциональный гибрид», в котором каждый уровень права выполнял различные социальные функции. Конфликт и компромисс двух правовых систем следует рассматривать как диалектический процесс. Империя стремилась к централизации контроля, а традиционные институты к сохранению автономии. Однако практическое функционирование судебных структур показало, что одностороннее подавление традиционного право было невозможно без разрушения социальных механизмов, обеспечивающих устойчивость степного общества. Поэтому компромиссная модель признание отдельных норм традиционного право при условии их регистрации и надзора стала не вынужденной уступкой, а ключевой основой долговременной правовой стабильности региона. *Цель исследования.* Выяввлении закономерностей формирования гибридной правовой модели в казахской степи XIX века, возникшей в результате взаимодействия традиционной системы с имперским законодательством Российской империи. *Цель и задачи исследования.* Анализ имперских реформ 1822, 1832 и 1864 гг.; определение функций традиционного права (коллективная ответственность, медиация, устность норм); исследование диалогических механизмов и конфликтов между двумя системами; выявление форм компромисса в семейных, наследственных и земельных делах. *Результаты.* Результаты исследования показывают, что гибридная правовая система возникла как сочетание двух разнородных нормативных порядков. Имперское право стремилось к централизации и надзору, тогда как традиционное право сохранял эффективность благодаря социальной укорененности, медиации и авторитету биев. Институциональные реформы создали многоуровневую судебную сеть, но не устранили традиционные практики, которые продолжали регулировать повседневную жизнь общества. Диалог и конфликты между тардиционной и имперским правовыми органами приводили к взаимной адаптации, что сформировало устойчивый гибридный правовой ландшафт. *Заключение.* Правовой дуализм, включавший двойную юрисдикцию, прокурорский надзор, институциональные конфликты и формы компромисса, определил специфику правовой трансформации региона и стал основой для долгосрочной эволюции местной правовой культуры.

**Ключевые слова:** Обычное право, суд, имперский порядок, институциональный гибрид

**Благодарность.** Статья подготовлена в рамках реализации научного проекта грантового финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан AP23489947 – «История Степного края в структуре империи, 1822–1917 гг.»

**Для цитирования:** Телеуова Э.Т., Жумадил А.К. закономерности формирования гибридной правовой модели в казахской степи в XIX веке// Asian Journal "Steppe Panorama". 2026. Т. 13. № 1. С. 256-269. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_1_256-269

**Кіріспе**

Ресей империясының қазақ даласын өзіне икемдеу арбасында кедергі болған басты тетік дәстүрлі құқық пен сот жүйесі болды. XIX ғасырдан бастап қазақтың дәстүрлі құқықығы Ресейдің империялық саясаты жағдайында күрделі өзгерістерге ұшырады. Дәстүрлі құқықтық нормалар мен империялық заңдар қатар өмір сүріп, бір-біріне әсер ететін ерекше тарихи жағдай қалыптастырды.

Қазақ қоғамы империялық құқықтық ережелерді қабылдап, оған икемделіп, сол арқылы құқықтық аккультурациядан өтті. Бұл әлеуметтік-мәдени ықпалдастықтың құқықтық саладағы көрінісі болды. Құқықтық тәжірибе қазақ қоғамын «құқықтық бейімделу» еркіндігінен, мәжбүрлі «құқықтық сіңісу» жағдайына алып келді. Империя жүргізген «құқықтық бейімделу» саясаты қазақ халықын ресейлік құқықтық мәдениетке біртіндеп енгізіп, империялық сот жүйесін орнықтыруға бағыттады. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап империялық билік сот реформалары арқылы халықты империялық құқықтық алаңға тартуға тырысты. Алайда, империялық жүйемен жергілікті құқықтық дәстүрлер арасындағы қақтығыстар орын алды. Осылайша, қазақ даласындағы «құқықтық аккультурация» сыртқы және ішкі билік арасындағы мәдени-әлеуметтік қақтығыстар мен бейімделу әркеттерінің, құқықтық икемділіке мәжбүрлеуге қарсы тұрудың кезеңдерінен өтті. Қазақ даласындағы империялық әкімшілік реформаларға қарамастан, қазақ халқының істерінің басым бөлігі билер сотында шешілген, империялық сотқа жүгінудің ережеге сәйкес талаптарынан бөлек, халық сотының тиімді болуы, әсіресе істі қараудағы мерзім мен үкім шығарудағы ашықтық, қайта қарау мүмкіндігі, басқа да маңызды тетіктер, оның сақталуына себепші болды. Осы кезеңде, қазақ даласында тұрып жатқан орыс көпестері, татарлар, тағы басқа хылықтар билер сотына жүгінуді таңдаған. Империялық сот жүйесінің бюрократия шеңберінен шыға алмауы, кадрлық жетіспеушілік, жергілікті халық тілін білмеу, арнайы тілмаштар жалдаудағы қаржылық мәселе, ең бастысы жиі жаңара берген құқықтық ережелер қазақ даласындағы дәстүрлі құқық институттарын сақтап қалуға мүмкіндік берді.

XIX ғасырдағы дәстүрлі құқықтың сақталуы империя тәртібіне, құқықтық тұрғыда біріктіруді қамтамасыз ету функциясын немесе саяси-әкімшілік басқару форматына қарсылық көрсетудің жолы ретінде немесе құқықтық өркениеттің үндестігі тұрғысынан қарастыру қажет пе? Империялық кезеңде қазақ арасында қабылданған Ержелердің мазмұны, оның қызметінің көрінісі қандай болды?

**Материалдар мен әдіс-тәсілдер**

Мақаланың ғылыми талдаулары Қазақстан Республикасы (Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві) және Ресей Федерациясы (Ресей мемлекеттік тарихи архиві) архивтерінің материаладарына негізделеді. Құжаттарда орталық және өңірлік биліктің құқықтық ережелерді іске асыру барысындағы ұстанымдары, сот мекемелерінің жұмысы, сот жүйесінің тиімділігі туралы деректер бар. Құжаттарды мынадай топтарға бөлуге болады: орталық және өңірлік ведомстволардың есептері, Сенаторлық ревизия материалдары, Ведомствоішілік және ведомствоаралық хат-хабарлар, Ішкі құжат айналымы қарастырылды. Статистика комитеттері дайындаған шолуларда қылмыстық және азаматтық істер саны, олардың қозғалысы, сот процестері, әлеуметтік бақылау жүйесінің дамуы туралы маңызды мәліметтер қамтылған.

Қазақ даласында осы тарихы кезеңде қабылданған ережелердің бірі Н.И. Лобачевский атындағы ғылыми кітапханасының (Қазан) сирек қолжазба қорындағы Караммола Ережесі түпнұсқасы (Семипалат областенең Бишдиванның барча халфәнең сайланмыш адәмнәренең 1885-нче елында май аенда яр буендагы Карамалы съездында ясалмыш иражәседер), Ресей Ұлттық және Б.Н. Ельцин атындағы Президенттік (Санкт-Петербург) кітапханасындағы мерзімді басылымдардың материалдары (Журнал гражданского и уголовного права, Азиатский вестник) талқылау мен нәтижелерінде қолданылды.

XIX ғасырдағы қазақ даласындағы құқықтық трансформациядағы бейімделу үрдісі мен институционалдық аралас үлгінің қалыптасуының негізгі тұжырымдары ұсынылады. Парциалды модернизация тұжырымы қолданылды. Бұл тұжырымға сәйкес, модернизация ұзақ өтпелі сипатқа ие болып, дәстүрлі және жаңашыл элементтер өзара араласып, көп жағдайда бір құрылымда қатар өмір сүреді. Сонымен қатар, неоинституционализм әдісі – зерттеу үшін ерекше маңызды болды. Бұл тәсіл формалды және бейресми институттардың өзара әрекеттесуін түсінуге, сот жүйесіндегі қақтығыстардың табиғатын ашуға және әлеуметтік бақылау құралдарының тиімділігін бағалауға мүмкіндік берді. Негізгі әдістемелік қағидалар:

проблемалық-хронологиялық әдіс – сот жүйесінің даму кезеңдерін кешенді саралау үшін, жүйелі-құрылымдық әдіс – макро және микро деңгейдегі өзара іс-қимылды зерттеу үшін, тарихи-салыстырмалы әдіс – аймақтық және империялық процестерді салыстыру үшін, құрылымдық-функционалдық әдіс – жүйенің ішкі байланыстарын ашу үшін қолданылды. Осы әдістердің үйлесімі зерттеудің талдау тұжырымдарын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

**Талқылау**

Ресей империясы кезеңінде қазақтың құқықтық құрылымы мен жүйесіне қатысты арнайы зерттеулер – тарихнаманың жеке бағыты ретінде қалыптысты. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында, әсіресе 1864 жылғы сот жарғысы қабылданғаннан кейін, осы тақырыпқа ғылыми қызығушылық артты. Осы кезеңде либералдық бағытты ұстанған зерттеулерде қазақ даласында жүргізіліп жатқан құқықтық өзгерістердің оң ықпалы дәріптелді. Консервативтік бағыттағы зерттеулерде, көбінесе дәстүрлі институттардың архаикалық сипаты және оларды біртіндеп реформалау қажеттілігі туралы тұжырымдар басым еді. Қазақ қоғамының заң жүйесін «жазылмаған, бірақ мінсіз орындалатын моральдық заңдар жүйесі» ретінде қарастырылып, дәстүрлі құқықтық нормаларын топтастырып, қазақтың дәстүрлі құқығының ішкі логикасына мән бергенмен, империя тарапынан дала заңын жетілдіру қажеттігін ұсынған (Крафт, 1898: 884). Қазақ даласындағы құқықтық мәдениеттің батыстық үлгіге жақындату мен архаикалық баптардан арылу жолындағы ең маңызды қадам ретінде шекаралық сотты қарастырған. Шекаралық сот қарайтын істерді, құрамы мен олардың алатын жалақысына тоқталып, енгізілген бап қайшылықтарының туындауы аталды: «вслѣдствіе малаго знакомства чиновъ пограничной коммиссіи съ бытомъ киргизов, собираніе свѣдѣній о ихъ юридических обычаях продолжалось цѣлых 25 лѣтъ» (Добросмыслов, 1904: 27).

Ресейдің танымал баспаларында қазақ даласындағы дәстүрлі құқық туралы жазбаларды сынға алған мақалар жарияланды. Мұнда әсіресе халық соты «алтын ғасыры» жайлы тарихи қиялдарын, «шығыстың інжу-маржаны» болған дала құқықтық дүниетаным ретінде дәріптеуді тоқтау қажеттігін, Европалықтар ретінде Шыңғыс хан заңдарын мойындай біз үшін ұят іс деген қорытындылар жасалынды (Сибирская жизнь, 1909: 91). Дала халқының өмірін білмейтін, тәжірибесі жоқ шенеуніктердің құқықтық өзгерістерін «қазақтарға жасалған жаңа бюрократиялық тәжірибе» ретінде сынады (Чермак, 1906; 68). Дала құқықығы – қоғамның табиғи дамуының өнімі, ал ресейлік заңдар – саяси құрылымның жемісі. Осы екі жүйе түбегейлі ерекшеленеді, сондықтан оларды біріктіру қиын, құқық реформасы барысында жергілікті ерекшеліктер мен тарихи тәжірибені ескеру қажеттігі түсінідіріледі.

Ресейлік билік құрылымына тән құқықтық формализмнің дала жағдайында тиімсіздігін дәлелдеп, құқықтық бейімделу теориясы тұрғысында қарастыру орын алды, қазақ әдеттік құқығының басты ерекшелігі ретінде оның жазалаудан гөрі мәмілеге келуге бағытталғанын атап өтеді. Бұл көзқарас қазақ құқық мәдениетінің гуманистік сипатын көрсетті. Ол қазақ даласындағы империялық құқықтық өзгерістердің кері тұстырын ашық көрсетті: «киргизы вполнѣ правы, говоря: «новый уѣздный, новый занъ (законъ)», и поневолѣ теряются въ обилии этихъ зановъ» (Израцов, 1897: 35). Қазақ даласындағы дәстүрлі мен империялық құқық тоғысқан нүктеге айналған төтенше съездер бастапқыда ірі істерді, жер, көш, салық, саяси шешімдермен ережелер қабылданатын жиындардың сипатының өзгерісін сынға алды: «нѣсколько словъ о чрезвычайныхъ съѣздахъ... проектъ и имѣлъ въ виду эти съѣзды лишь для крупныхъ дѣлъ, но на практикѣ они обратились въ судбища всевозможныхъ даже самыхъ мелкихъ дѣлъ, причины вполнѣ понятны: легкость выбора біевъ вообще и возможность воспользоваться лучшими силами» (Израцов, 1897: 34).

XIX–XX ғасыр басындағы қазақтың зиялы өкілдері қазақ дәстүрлі құқығының ішкі мазмұнын терең түсіндірген зерттеулерді жариялады. Олар билер сотының әділеттілікке негізделгенін және халықтың сенімінен туындағанын айшықтап, «барымта» тағы басқа құқық түсініктеріне анықтама берді. Ресейдің сот реформаларын сынға алып, далалық қоғамның өзіндік құқықтық жүйесін елемеудің зияны көрсетілді. Олардың барлығы қазақтың әдеттік

құқығының өміршеңдігін, қоғамдағы моральдық тәртіп пен әділеттілікті қамтамасыз етудегі маңызын мойындайды. Билер сотын ресейлік сот жүйесіне тікелей енгізу мүмкін емес екенін, себебі оның негізінде жергілікті менталитет пен салттық дәстүрлер жатқанын талқыға салады. Ол реформаларды іске асыру кезінде жергілікті құқықтық тәжірибені ескеруді ұсынады (Уәлиханов, 2007: 291).

Қазақтың ата заңдарының қайнар көзі мен тарихын, нормативтік құрылымындағы өзгерістерге қатысты, дәстүрлі құқықты империялық заң аясында бірізділенуін ұзаққа созылған үдеріс ретінде құқықтанушылар өз еңбектерінде сипаттады. Бұл зерттеулерде қазақ құқығы империялық билік жүйесінде өзінің негізгі қызметін толық сақтап, оның өміршеңдігінің себептерін ішкі әлеуметтік құрылымның ықпалы ретінде қарады (Зиманов, 2004: 40).

Қазіргі Ресей тарихшыларының арасында қазақ даласындағы сот және әкімшілік реформаларға қатысты зерттеулерге қатысты екі бағыт қалыптасқан. Біріншісі, модернизациялық бағыт – реформаларды құқықтық даму мен басқару тиімділігін арттыру жолы ретінде қарастырады (Васин, 2008: 27., Анисимова, 2024: 496). Екіншісі колониялық бағыт – реформаларды империялық бақылау мен ассимиляция құралы деп түсіндіреді (Воропанов, 2009: 101., Любичанковский, 2019: 480). Осы екі бағытты ұштастырып, реформаларды фронтирлік өзара ықпал мен бейімделу процесі ретінде түсіндіруге ұмтылуда. Әділ сот институттарының рөлі (халық соты – иллюзия), құқықтық плюрализм, дәстүрлі және ресми заңдар арасында келісімділік іздеу, құқық арқылы билікті күшейту практикасы, отарлау мен мәдени интеграцияның теоретикалық және практикалық қиындығы, ұзақ мерзімді бейімделу және өзара ықпал процесі мәселелері және Кавказ, Сібір үшін қолданылған құқықтық өзгерістердің қайталануы мен кедергілерінде ортақтық сақталды (Соловьев, 2018: 60., Деревскова, 2004: 344).

Осы мәселе төңірегіндегі шетелдік зерттеулерде XIX ғасырда Ресейдің қазақтарға қатысты саясаты классикалық сыртқы отарлаудан гөрі, континенттік ішкі отарлау сипатына ие болды. Империя толық құқықтық унификацияға емес, жергілікті құқықтық институттарды (билер, әдет нормалары) сақтай отырып басқаруға ұмтылды. Ресей әкімшілігі қазақ даласында тікелей заң үстемдігін орнатуға дайын болмаған, сондықтан билер сотын бақылауға алып, оны империялық басқару жүйесіне бейімдеді. Бұл гибридтік құқықтық модельдің негізгі тетігі болды. Дәстүрлі құқықтың отарлық қысым жағдайында икемделіп, жаңа мазмұнға ие болып, қазақтардың тек пассивті объект болмай, керісінше құқықтық кеңістікте маневр жасап, империялық нормалар мен дәстүрлі құқықты қатар пайдалана алғанын анықталады (Sabol, 2017: 298). Келесі зерттеулерде бұл мәселе әлеуметтік-институционалдық үдерістер ретінде қарастырылған. Ресей империясы контекстінде қазақ қоғамындағы құқықтық өзгерістерді талдаудың ғылыми негізін «құқықтық аккультурация» – индивидтер мен қоғамның жаңа құқықтық нормаларды қабылдаудың әлеуметтік-мәдени механизмі ретінде ұсынылады. XIX ғасырдағы Ресей империясында заң реформаларының әсері, этникалық-діни азшылықтардың сот жүйесімен өзара әрекеті, және әділеттілік институттарының ықпалы, заңды мемлекеттің бақылау құралы ретінде сипаттап, отарлық жағдайдағы құқықтық плюрализм, дәстүрлі және ресми заңдардың карама-қайшылығы қалай бірге өмір сүргенін талданғанын атап өтуге болады (Kirmse, 2023: 432; Martin, 2001: 264; Burbank, 2006: 431).

XIX ғасырда ресми билік пен дәстүрлі құқық қатар өмір сүрген қосарлы құқықтық кеңістіктің қалыптасуын айқын көруге болады. Дәстүрлі құқық бойынша дауларды шешуді жалғастырғанымен, олардың шешімдері губерниялық органдарда тіркелуі тиіс болды. Осылайша екіжақты жүйе қалыптасты: ресми империялық юстиция және «көлеңкелі» дәстүрлі құқық. Халық жиі өзіне тиімді жолды таңдаған, бұл жүйе икемділікті арттырғанымен, екі құқықтық деңгей арасындағы қайшылықтарды күшейтті. Осы кезеңде екі процессуалды юридикцияның болуы, істі алғашқыда дәстүрлі құқықпен қарасада, оның қайта қаралуы жиі орын алып, арнайы жазалар бекітілді. Сонымен қатар, би дауларының шешімдерін жоққа шығарған істер қарастырлады. Мысалы. Ресей мемлекеттік тарихи мұрағатындағы «Жумагали ісі» (РМТА. 1352-қ. 22-т. 97-іс.1-18-п.), «Рахима ісі» (РМТА. 797-қ. 75-т. 315-іс. 19-п.) қайта

қарау ұзаққа созылды немесе халық сотының шешімін жоққа шығарып, іс өзгеріске ұшырады, кейде халық сотының шешімін өзгертуге қарсы баяндаулары бар құжаттар сақталған. Қазақтардың тарапынан тілмаштардың көмегіне жүгіне отырып, болыстық халық сотының шешімін қайта қараған «Жумагали ісі» (РМТА. 1352-қ. 22-т. 97-іс.1-п.) бойынша шағым парағында өте қызықты мәліметтерді береді. Мұнда Жұмағали Жазықбаевтың халық сотының әділетсіздігін және олардың сыбайласытығын алға тартып, орыс құқықығы беретін мүмкіндіктер мен артықшылықтарын, оның ішінде істі туыстық қатынастан тыс деп дәріптеген болатын (РМТА. 1352-қ. 22-т. 97-іс.15-п.). Осы мадақтауларға қарамастан орыс соты, бірнеше хат алмасудан кейін оның шағымын қараудан бас тартып, билердің шешімінің керісінше әділетті болғаны жөнінде хабарлама жіберіледі. Іс қараудың екі сатылықтан, үш сатылыққа көшуі, қазақ даласындағы сотқа жүгіну жолын таңдауы жиі орын алды. Ресей империясының тарапынан кейібір істердің олардың құзіретіне енбегеніне қарамастан, оны күрделендіріп табыс көзіне айналдырды. Жаңа Ереже бойынша сот ісін қарау және жүргізу әбден шатасты. Сот істері жүздеп жиналып қалып, ұзақ уақыт қозағалыссыз жатты. Тек қана билеуші сұлтандар: Арслан Жантөриндегі шешілмеген істің саны 2-3 мыңға, ал Баймұғамбет Айшуақовта – 2 мыңға дейін жетті (Бекмаханов, 1994: 128). 1845 жылы Орынбор өлкесіне арнайы келген стат кеңесші Любимов қазақ даласындағы сотқа қатысты былай жазды: «Билеуші сұлтандар, старшындар маған келіп шағынып: бір істің өзін қарауда қатынасхат жазысу қазіргідей көп уақыт алып жүріп жатқанда, өздерінің қырғыз салты бойынша олардың 20 ісін шешуге болар еді, дегенді айтты. Жалпы олардың тілегі – Ордадағы кез келген істі (әрине, маңызды қылмысты істерден басқасы) қазіргі белгіленген тәртіп бойынша емес, өз салттары бойынша шешуге (бұрын Ереже шыққанға дейін солай болғандай) рұқсат етілсе екен, ал қазіргі белгіленген тәртіп толып жатқан тексеруді, ұзақ уақыт қатынасхат жазуды талап етіп істі сүйретпеге салады, оның үстіне, жоғарыда аталғандай, қаржысы да песірлікке адамдарды да жоқ, әлгі қырғыз басшыларын аса қиын жағдайға тап қылып отыр. Билеуші сұлтандардың бір ғана шығыс қағаздары 1500-ден 3000-ға дейін жетеді және бұлар қайда десеңші? – далада, Оралда, ал дұрысында мұның бәрі де қырғыздардың тұрмыс жағдайына, тұтыну дәрежесіне лайықталып қарапайым шешілуі керек» (Бекмаханов, 1994: 129)

Орынбор шекара комиссиясы төрағасына Арғын, Қыпшақ рулары қазақтарының атынан 315 адам қол қойған арыз берілді. Бұл істе 1 жылға созылды. Орынбор өлкесіндегі Орданың шығыс бөлігінің билеуші сұлтаны Ахмет Жантөрінге салық бойынша айыптау жасалды, бірақ ол ақталып шықты. (ҚР ОМА. 4-қ.1-т. 2939 іс, 5-п.). Тағы бір іс бойынша айыпталушыларды шеп бойындағы тұрғындарға шабуыл жасап, 20 сом күміс шығын келтірілген үшін билеуші сұлтандардың қатысуымен Шекара Комиссия азаматтық қылмысты істер соты соттады. «Құны 20 сом күміс ақшадан кем түсетін шығынға ұшыратқаны үшін шағым түскенде осындай қазақтардың ісін Орынбор жергілікті қазақ билеушілерінің бақылауымен өздерінің халықтық салты бойынша тексеріп, жазасын белгілейтін болды» (ҚР ОМА. 4- қ. 1-т. 2798-іс. 3-5 пп.).

Империялық соттың дәстүрлі құқықтық жүйемен қақтығысы жиі салық мәселесіне қатысты туындап отырғанын байғауға болады. Рулардың салық төлеуден бас тарту ісін жергілікті билер шешімі ру пайдасыны шығарып, «салықты» заңсыз деп таныды. Бірақ губерния прокуроры «мемлекет мүддесіне қайшы» іс ретінде қайта қарады. Губерния сотында айыптаушы прокурордың басты уәжі, істің губерниялық сотта тіркелмегендіктен, билер шешімінің ресми күшке ие болмайтынын алға тартты. Бұл іске қатыстылар қамауға алып, оларға «жер аудару» жазасы қолданылды. Осындай істер қосарлы юридикцияның, істің би сотында қаралып, губериниялық сотта прокурор айыптаушы ретінде қатысып, айыптауды өзгертіп отырды. Империялық соттың билер бекіткен айыптауды өзгерту себебін көрсететін, тағы бір жеке іс 1862 жылғы 1-27 желтоқсан аралығында өткен сот шешімі сақталған. Прокурор жеке іс бойынша тергеудегі Тикауловтың христиан дінін қабылдауына байланысты жазаны жеңілдетудің себептерін көрсеткен құжаттардан, оған 25 дүре соғып, босатуды шешкен (РМТА. 1265-қ. 11-т. 187 іс. 12-п).

Қазақтың дәстүрлі құқығы мен мен империялық сот рәсімінің арасындағы қайшылықтың айқын мысалы ретінде қарауға болатын істер жиі кездесті. Ру ішіндегі даудың округтық

басқарма орыс тергеуіне ілігіп, тергеу жүргізілді. Дәстүрлі құқық бойынша руға жүктелетін жауапкершілікті, жеке адам танылып, оған қатысты жаза қолданылды. Ресей әкімшілігі мұны мәдени құқықтың жетістігі деп есептеді. Тергеу империялық тәртіппен жүргізіп, куәгерлерден жауап алып, кінәлінің жеке жауапкершілігі анықталуы керек деген талаптар қойды. Дәстүрлі құқықты алғаш рет ресми түрде «ескеруге болады», бірақ империялық құқық басым деген ұстаным енді (РМТА. 1291-қ. 82-т. 1869-іс: 46-п). XIX ғасырда қазақтан шыққан шенеуніктер әкімшілік басқару ісіне белсене араласқанымен, империялық құқықтық қызметке тартылмады. Олар империя тарапынан шекпен мен жалақы, әскери қызмет пен марапаттарды ала отырып, биліктің маңызды тетігі ретінде қалыптаса бастады. Дәстүрлі құқықтың қазақ қоғамында қызметінің сақталуына да осы жағдайда әсер етті. Себебі, жаңа қалыптасқан қазақ шенеуніктеріне жергілікті басқару мен империяның атқарушы қызметіне еніп, түрлі белгілерге ие болғанындар сұлтан-билеушілер болды, ал дәстүрлі құқықты орындаушылар басқа әлеуметтік ортаның мүшелері еді. Сұлтандардың империяның атқарушы билігінің тізбегіне енгенімен, оларды үнемі қадағалауда болды. Ереже бойынша сұлтандар жанына 200 адамдық қазақ отрядтары берілді, бұл отрядтар әскери-полициялық қызмет атқарды. Бір жағынан, сұлтандар ісін бақылау үшін құрылды.

Дала құқықығын европалық жүйеге енгізудегі басты қадамның бірі ағылшын үлгісіндегі «мировой сот» еді. Осыған қатысты Ш.Уәлиханов: «жалпы алғанда, мировой сот таза сот деп айтуға да және қалай да бұл қалпынан артық күтуге де болмайды. Англияның өзінде юристер бұл мекемеге көңілдері толмайды... орыс губернияларына арналған мировой судья қазақ тірлігіне үйлеспейді» (Уәлиханов, 2007: 199). Мировой сот қарайтын іс: қылмыс ісін жүргізудің 19 бабы бойынша көрсетілгін және азаматтық істі 500 сомға дейінгі, азаматтық сот ісін жүргізіудің 1 бабына сәйкес ұсақ-түйек кінә мен жазалық істер енді. Ал билер 1167 бабы. XV т. Қылмыс заңының 2-кітабы және осы тармақтарының екінші тіркемесіне қосымшадан өзге барлық қылмыс айыптық істер және қырғыздардың (қазақтардың) өз арасында, әрі олардың биге қарайтын жоқтаушылардың ісіне байланысты барлық істерді қарайды (РМТА. 565-қ. 7-т. 29084-іс. 307-п). Билер жеке адамдардың шағымымен және полицияның басақа үкімет органдарының мәлімдеуі бойынша іс қарады, мировой судьялар болса, бұл жағдайда өзге де қылмыскер мен заң бұзғандараға, күнәлілерге өзінің қалауымен күдікті адамдарға алдын ала іс қозғаған. Мировой судья империяның жалпы заңы негізінде іс жүргізді, билер өз заңымен жүргізді. Бидің шешміне шағым жасауға болады, мировой судья шешімі ақтық, шағым жасауға боламйды. Би істі жария түрде, мировой судья азаматтық істі ғана жария жүргізді. Билер істі қарауда «жақтаушылық» және «қорғаушылық» негізде қарады, мировой судья бұл азаматтық істе қарауда ғана қолданды. Мировой судья «ант» институытын «факт» ретінде қарастырмады. Мировой сотта формальдық және бюрократизм басым болды, олардың шешімдерінің кітапқа түсуі табыс жалақы мөлшерін көтеруге және табыс табу мүмкіндігін берді. Іс қарастырылған соң толтырылатын кітапшада: қаралған уақыт, айыпкер туралы мәлімет, шешім және орындалуы тиіс уақыты берілді. Соттың толық хаттамасы болмады. Бұл істің қалай қаралғанын толық ашып қарауға кедергі болды. Шешімді қайта қарау мүмкінідігі болмады. Олардың писарь мен тілмаштарының жиі болмауы істің әділ өтуіне кедергі болды.

Ресей империясы кезеңіндегі қазақ даласындағы құқықтық өзгерістерге арналған тарихнамалық талдау зерттеулердің мазмұны мен әдіснамалық ұстанымдары әркелкі болғанын көрсетеді. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы ресейлік авторлар еңбектерінде дәстүрлі құқықты архаикалық құбылыс ретінде қарастырып, оны империялық құқықпен алмастыру қажеттілігі басым болса, либералдық бағыт өкілдері құқықтық бейімделу мен эволюциялық өзгерістерді қолдады. Қазақ зиялылары, керісінше, әдеттік құқықтың ішкі логикасын, оның қоғамдағы әділеттілік пен моральдық тәртіпті қамтамасыз етудегі рөлін айқындап, отарлық реформалардың жергілікті ерекшеліктерді ескермегенін сынға алды.

Қазіргі отандық және шетелдік зерттеулерде бұл мәселе құқықтық плюрализм, фронтирлік өзара ықпал және құқықтық аккультурация ұғымдары арқылы түсіндіріліп, дәстүрлі және империялық құқық жүйелерінің қатар өмір сүруі ұзақ мерзімді, қайшылықты

үдеріс ретінде сипатталады. Мұрағаттық істерді талдау қосарлы юрисдикцияның практикалық деңгейде көптеген қайшылықтар тудырғанын, бірақ сонымен қатар қазақ қоғамының құқықтық икемділігін сақтауға мүмкіндік бергенін дәлелдейді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ даласындағы сот және әкімшілік реформалар тек отарлық бақылау құралы ғана емес, сонымен бірге жергілікті құқықтық мәдениетпен өзара бейімделу нәтижесінде қалыптасқан күрделі әлеуметтік-құқықтық құбылыс ретінде бағалануы тиіс.

Қазақ даласына империялық құқықтың енуі халықтың дәстүрлі құқықтық қатынастарын толық ығыстыру арқылы емес, олармен өзара әрекеттесу және бейімделу жолымен жүзеге асты. Империялық әкімшілік енгізген соттық және әкімшілік нормалар дәстүрлі құқықты формальды түрде шектегенімен, күнделікті құқықтық тәжірибеде әдеттік нормалар өз қызметін жалғастырды. Бұл жағдай қазақ қоғамында құқықтық плюрализмнің қалыптасуына алып келіп, ресми империялық юстиция мен дәстүрлі билер сотының қатар өмір сүруін қамтамасыз етті. Осылайша, империялық құқықтық өзгерістер қазақ қоғамының ішкі құқықтық құрылымын түбегейлі жоймай, керісінше, оны жаңа құқықтық ортаға бейімдеудің күрделі әрі қайшылықты үдерісін қалыптастырды.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақ даласында қалыптасқан құқықтық жүйе біртекті емес, гибридтік сипатта болды. Бұл үлгі дәстүрлі қазақ құқығы, исламдық (шариғат) нормалар және Ресей империясының әкімшілік-құқықтық талаптарының өзара тоғысуы нәтижесінде қалыптасты. Мұндай синтезді төтенше билер съездерінде қабылданған құқықтық актілерден, соның ішінде 1885 жылғы Қарамола Ережесінен айқын байқауға болады. Қарамола Ережесі империялық биліктің құқықтық реформалары жергілікті құқықтық институттарды толық ығыстырып шығармағанын, керісінше оларды бейімдеу және жүйелеу жолымен енгізгенін көрсетеді. Ережеде билер соты сақталып, дауларды шешудің дәстүрлі тетіктері (би таңдау, төбе би институты, съезд шешімі) ресми сипат алды. Бұл – империялық басқару үшін легитимді, ал жергілікті қоғам үшін түсінікті құқықтық кеңістік қалыптастыруға бағытталған қадам еді. Гибридтік құқықтық үлгінің маңызды белгісі – дәлелдеу институттарының қатар қолданылуы. Куәлік пен күмән (ант беру) институттары әдеттік құқық пен шариғат нормаларының ықпалымен сақталып, ресми құқықтың бір бөлігіне айналды. Куә бола алмайтын тұлғаларға қойылған шектеулер, күмәншілер санының даудың сипатына қарай белгіленуі құқықтық рәсімдердің дәстүрлі негізде сақталғанын дәлелдейді. Сонымен қатар, құн мен айып төлеу жүйесі де гибридтік сипатта дамыды. Құн мөлшерінің нақты мал есебімен белгіленуі көшпелі шаруашылыққа бейімделген дәстүрлі нормалардың сақталғанын көрсетсе, олардың орындалу мерзімі мен тәртібінің нақты регламенттелуі империялық құқықтық рационализмнің ықпалын аңғартады. Би шешімдерінің міндеттілігі, орындау мерзімдерінің белгіленуі қоғамдық тәртіп пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталды. Қарамола Ережесіндегі ең жаңашыл бағыттардың бірі – отбасылық және әйел құқықтарына қатысты нормалар. Әмеңгерлік институтында әйелдің таңдау құқығының танылуы, жесірдің мұрагерлік құқықтарының нақты көрсетілуі дәстүрлі патриархалдық қатынастардың қайта қаралғанын білдіреді. Бұл өзгерістерді дәстүр мен жаңашылдықтың құқық аясында қатар қолданылуының айқын көрінісі деп бағалауға болады. Аталған баптардың қабылдануында Абай Құнанбаевтың қатысуы реформалық көзқарастың ықпалын күшейткенін көрсетеді. Қарамола Ережесінде билік жүргізу тәртібі, істі қарау тәртібі және отбасылық құқыққа қатысты нормалар ресми құқықта өз көрінісін тапты, оның баптарын қарастырылғын мәселелері бойынша талдаудан өткізуге болады (ҚУК қолжазбалар қоры. Инвентарлық номер 68427). Қарамола Ережесін негізгі жеті мәселеге бөліп қарастыруды ұсынып отырмыз. Дауларды шешу тәрітібі және билердің рөлі. 1–4 баптар – Даулардың сомасына, көлемін қарай қаралады. Әр тарап билерді өзі тағдайды, бірақ соңғы шешімді сьезд шығарады. Егер билер тең түссе, төбе би шешеді. 5–8 баптар – Би туысқан немесе дұшпандық жағдайда билік айтуден босатылады. Болыс пен старншын дауды билерге жеткізуге міндетті. Билер шешімі орындалуы тиіс. Мұнда билердің тәуелсіздігі мен әділдігі, сондай-ақ шешімдердің міндеттілігі баса көрсетілгін. Куәлік пен күмән (айғақ) мәселелері. 9–11 баптар – Куә бола алмайтындар: әйелдер, жас балалар, туыстар, дұшпандар. 12–24 баптар Даудың шешімі күмән (ант беру) арқылы да болуы мүмкін.

Күмәншілер сны даудың түріне қарай белгеленеді: кіс құнында – 4 ер адам, әйел құынында – 2. 21–24 баптар – Жалған күмән жасағандарға айып салынады. Күмәннің уақыты мен рәсімі молданың алдында өтеді. Осы кезеңдегі қазақ қоғамында ресми дәлелдеу құралы ретінде – куәлік пен күмән институтын қарастыру қажет. Дау мерзімі және құн, айып төлеу. 25–27 баптар – 20 жылдан асқан құн, жесір дауы салауат (ескерілмейді). Ердің құны – 100 түйе, әйелдің құны-ердің жартасы. Барымташы мен ұры өлсе, құн төленбейді. Қазақтың әдеттегі «құн» институтының шариғатпен астасып реттелгенін де атап өткен жөн. 67–71 баптар – Би шешімінің орындалу мерзімі (жеке би – 3–7 күн, съез – 7–20 күн, төтенше съезд – 1 ай). 69 бап – Съезд шығындары халық есебінен жабылады. 70 бап – Қазақ дауларына басқа ұлт өкілдері араласпайды. Билердің шешімін орындау қоғам тұрақтылығының негізі болып саналған. Қазақ қоғамында қоғамдық ынтымақты сақтауға үлкен мән берілген. Айып, мал құны және жазалау түрлері. Айып мөлшері нақты мал есебімен белгіленген. 56–57 баптар – Тоғыздық айып түрлері (бас тоғыз, орта тоғыз, аяқ тоғыз). 57 бап – Мал құнын есептеу тәртібі (ат, түйе, қой бағасы). Отбасылық даулар. 28–30 баптар – Зорлау ойнас, әйелді алып қашу істері нақты айыппен жазаланады. 41–47 баптар – Ерлі-зайыптылардыайыру шарттары, құдалықты бұзу, жесір дауының шешімі. 48–50 баптар – Жесірдің мұрагерлері, күйеуінің туысқанына шығуы, әйелдің мал-мүлікке құқығы. Осы баптарда әйел құқығы қайта қаралып, қорғаныс мүмкіншілігі мен таңдау құқығы берлiдi. 41 бапта ажырасу мәселесі болса, 42 бапта қазақ үшін үлкен мәселе жесір дауы, 46 бап әменгерліктегі әйел ықтиярлығы өзінде болатыны шешіледі, 50 бапта мұрагерлікте егер күйеуге тимесе барлық малға ие болып, бтлік жүргізеді, егер тұрмысқа шықса, баласы болса 8 ден 1 бөлігін, баласы болмаса 6 дан 1 бөлігін алады. Бұл осы Ережедегі маңызды баптар ретінде қарастырған дұрыс. 72 бап – Жетім қызды атастырған жағдайда құдалық бұзылмайды. Молданың рөлі және құжаттандыру 64–66 баптар – Метрический кітап, неке қию рәсімі, жалған көшірме беруге тыйым. 65–66 баптар – Некені тек молда қиғаны дұрыс деп көрсетіледі. Қоғамдық тәртіп пен жазалау. 31–35 баптар – Төбелес, тіл алмау, көмек бермеу, мал өлімі, суды ластау бұзақылық үшін айыптар. Өртті сөндіруге көмек бермеу мен қонаққа ас бермеу, ұрлық пен рұқсатсыз барымталыққа қатаң жазалар: айып төлеу, дүре соғу, абақты. 58–62 баптар – Үйлерді бұзу, ұрлыққа көмектесу мен серігі болғаны үшін бірдей жаза беріледі. 73 бап арқылы бұл Ереже барша билерге, болыстарға, старшындарға міндеттілігі айқындалды. Ережедегі құқықтық принциптердің (адалдық, теңдік, жауапкершілік) қазіргі замандағы құқық жүйесімен сәйкестігін анық көруге болады. Қарамола ережесінің қазақ қоғамындағы қолданылу дәрежесі мен ықпалы: шекаралық өңірлерде, рулар арасында қалай тарағаны туралы мәселелер зерттеуді қажет етеді. Бұл Ереженің құрасытырушылар қатарында Абай Құнанбаевтың болуын ерекше атап өтуге болады (ҚУК қолжазбалар қоры. Инвентарлық номер 68427: 57). Осы Ережеден әйел құқықтары мен жесір дауына қатысты баптардың кездесуі, дәстүрлілік пен жаңашылдықтың құқықтың қатарласып қоладанылуының айқын көрінісі болды. Төтенше билер сьездерінде ережеден бөлек ірі даулы істердің жиі қаралғаны, кейде ру арасында шешілуі тиісті жеке істердің жазбалары тіркелген. Төтеншье съезде қаралған істер билер сотының шешіміне келіспеушілік шағымдар негізінде жүргізілді. Төтенше сьезді өткізудің тәртібі мен бюрократиялық міндетті шаралары болды (ҚР ОМА. 64- қ. 1-т. 2151-іс., 1653-іс., 1547-іс.).

Империялық құқықтың енуі қазақ қоғамында тек сырттан таңылған жүйе ретінде емес, жергілікті құқықтық сана арқылы сүзгіден өтіп, бейімделген түрде жүзеге асты. Төтенше билер съездері осы процестің негізгі алаңы болды: оларда руаралық ірі даулар ғана емес, билер сотының шешімдеріне шағымдар да қаралып, құқық қолдану тәжірибесі біріздендірілді. Бұл - дәстүрлі құқықты сақтай отырып, оны империялық басқару жүйесіне икемдеудің нақты механизмі еді.

XIX ғасырдағы Қазақ даласындағы гибридтік құқықтық үлгінің қалыптасу заңдылығы қақтығыс емес, үйлестіру принципіне негізделді. Әдеттік құқық, шариғат және империялық заң нормалары өзара бәсекелес емес, функционалдық тұрғыда бірін-бірі толықтырды. Нәтижесінде қазақ қоғамының әлеуметтік тұрақтылығын сақтауға бағытталған, сонымен бірге империялық әкімшілік талаптарға жауап беретін ерекше құқықтық модель қалыптасты.

**Зерттеу нәтижелері**

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Қазақ даласында қалыптасқан құқықтық жүйе *біртекті емес, гибридтік сипатта* болғанын дәлелдейді. Ресей империясының қазақ даласын әкімшілік-құқықтық тұрғыда өзіне икемдеуіне негізгі кедергі болған фактор – *дәстүрлі қазақ құқығы мен билер сотының өміршеңдігі* болды. Империялық билік бұл институттарды толық жоюға қауқарсыз болып, оларды бақылау мен бейімдеу жолын таңдады.

Зерттеу барысында империялық құқықтық реформалар қазақ қоғамында *құқықтық аккультурация* үдерісін тудырғаны анықталды. Бұл үдеріс ерікті қабылдаудан гөрі, мәжбүрлі «құқықтық сіңісу» сипатына ие болды. Соған қарамастан, қазақ қоғамы империялық құқықты пассивті түрде қабылдаған жоқ, керісінше, оны дәстүрлі құқықтық сана арқылы *сүзгіден өткізіп,* өзіне тиімді тетіктерін пайдаланды. Нәтижесінде формальды империялық құқық пен бейресми әдеттік құқық қатар қолданылған *қосарлы юрисдикция* қалыптасты.

Империялық әкімшілік енгізген сот жүйесінің (мировой сот, округтік сот, прокурорлық қадағалау) тиімділігі төмен болды. Мұның негізгі себептері: кадр тапшылығы, қаржыландырудың жеткіліксіздігі, жергілікті тіл мен құқықтық дәстүрді білмеу, шектен тыс бюрократия және жиі өзгеретін нормативтік актілер. Осы факторлар билер сотының қазақ қоғамында ғана емес, өзге этникалық топтар арасында да сұранысқа ие болуына ықпал етті. Халық сотының істі жедел қарауы, шешімдердің ашықтығы мен қайта қарау мүмкіндігі оның беделін сақтап қалды.

Зерттеу империялық құқықтық саясаттың *«жұмсақ интеграция»* қағидатына негізделгенін көрсетті. Билер соты алғашқы инстанция ретінде сақталғанымен, оның шешімдері губерниялық органдарда тіркеліп, қажет жағдайда «мемлекет мүддесіне қайшы» деген уәжбен қайта қаралды. Бұл қазақ элитасын «қос лоялдылық» жағдайына түсіріп, кооптацияланған, бірақ толық сенімге ие емес басқарушы топтың қалыптасуына әкелді.

Мұрағаттық істерді талдау қосарлы юрисдикцияның практикалық деңгейде көптеген қайшылықтар туындатқанын көрсетті. Бір істің билер сотында қаралып, кейін империялық сотта қайта қаралуы жиі орын алды. Бұл жағдай сот ісін жүргізуді күрделендіріп, істің созбалаңға салынуына, кейде жазалардың өзгеруіне әкелді. Дегенмен, бұл тәжірибе қазақ қоғамына құқықтық таңдау мүмкіндігін беріп, оның *құқықтық икемділігін* арттырды.

Зерттеу нәтижелері қазақ даласында империялық құқықтық кеңістіктің қалыптасуын төрт кезеңге бөлуге болатынын дәлелдейді. Әр кезеңде реформалардың сипаты өзгеріп отырғанымен, түпкі мақсат – аймақты жалпыимпериялық құқықтық жүйеге қосу болды. Алайда бұл үдеріс империяның күйреуіне дейін толық аяқталмады.

Құқықтық трансформацияның маңызды нәтижелерінің бірі – *төтенше билер съездері мен Қарамола Ережесінің* рөлі. 1885 жылғы Қарамола Ережесі дәстүрлі құқық пен империялық құқықтың үйлескен үлгісін көрсетті. Онда билер соты, куәлік пен күмән институттары, құн мен айып төлеу жүйесі, сондай-ақ отбасылық және әйел құқықтарына қатысты жаңашыл нормалар ресми түрде бекітілді. Бұл Ереже империялық биліктің жергілікті құқықтық институттарды толық ығыстырмай, оларды жүйелеу және легитимациялау жолын таңдағанын дәлелдейді.

Қорытындылай келе, зерттеу XIX ғасырдағы Қазақ даласындағы құқықтық дамудың *қақтығысқа емес, үйлестіруге негізделген гибридтік модель* арқылы жүзеге асқанын көрсетеді. Әдеттік құқық, шариғат және империялық заң нормалары өзара бәсекелес емес, функционалдық тұрғыда бірін-бірі толықтырды. Бұл модель қазақ қоғамының әлеуметтік тұрақтылығын сақтауға мүмкіндік беріп, сонымен бірге империялық әкімшілік талаптарын орындаудың құралына айналды.

**Қорытынды**

XIX ғасырдағы қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық жүйе мен империялық басқару институттарының өзара ықпалдастық әрі қақтығыс жағдайында қатар өмір сүрді. Дәстүрлі құқық ғасырлар бойы қалыптасқан әлеуметтік-нормативтік тәртіптің өзегін сақтап қалса, империялық билік енгізген уездтік және әскери-әкімшілік құрылымдар басқарудың саяси-идеологиялық мүдделерін жүзеге асыруды көздеді. Осыған қарамастан, екі жүйе де қазақ даласында бір мезгілде қызмет етіп, құқықтық кеңістікте «институционалдық гибрид» қалыптастырды. Мұндай гибридтілік формалды заң нормалары мен бейресми дәстүрлі институттар арасындағы қайшылықтың, сонымен бірге белгілі бір деңгейде өзара бейімделудің нәтижесінің айқын көрінісі болды. Империялық сот институттарының енгізілуі аймақтағы әлеуметтік бақылау тетіктерін түбегейлі қайта құруға бағытталды. Прокуратура, полиция, пенитенциарлық жүйе сияқты құрылымдардың пайда болуы құқықтың тек жазалаушы емес, бақылаушы және әкімшілік-реттеуші құрал ретінде қолданылғанын көрсетті. Алайда бұл институттардың тиімділігі шектеулі болды: төтенше съездер шешімдерінің орындалмауы, істердің қайта қаралу тетіктерінің сәтсіздігі, жергілікті халықтың құқықтық тәжірибесіне жат рәсімдердің енгізілуі реформалардың толыққанды жүзеге аспағанын дәлелдеді. Сонымен қатар, дәстүрлі сот жүйесінің өміршең болуының көптеген себептері байқалды. Би институтының әлеуметтік беделі, шешімдердің жылдам шығарылуы, орындалу тетігінің қарапайым әрі түсінікті болуы, қоғамдық бақылаудың ықпалын артықшылыў ретінде атап өтуге болады. Империялық құрылымдарда мұндай бейресми, бірақ тиімді тетіктер болмағандықтан, олар жергілікті ортаға толық сіңісе алмады. Отбасылық-некелік қатынастарды реттеу, қамқорлық институтының сақталуы, шариғат пен әдет құқығы нормаларының қатар қолданылуы құқықтық дуализмнің әлеуметтік өмірге терең енгенін көрсетті. Бұл қазақ қоғамының құқықтық мәдениетінің күрделілігін, ал империялық биліктің оны «өзгерту» және қайта құрылымдау мақсатын толық орындай алмағанын айғақтайды. Нақты аймақтар мен уездтердегі құқықтық жағдайларды талдау болыс билігі, би соты мен уезд сотының өзара әрекеттесу үлгілерін, олардың қайшылықтарын, сондай-ақ құқықтық аккультурацияның нақты көріністерін ашып берді. Дәстүрлі және империялық нормалардың тоғысында қалыптасқан жаңа құқықтық тәжірибелер отарлық кезеңнің шынайы әлеуметтік-саяси мазмұнын көрсетеді. Қазақ даласындағы құқықтық өзгерістердің біржақты емес, әлеуметтік-мәдени факторлармен астасқан күрделі процесс болғанын анық. Империялық биліктің құқықтық институттары формалды тұрғыдан үстемдікке ие болғанымен, қоғамдағы бейресми дәстүрлі нормалардың әлеуметтік рөлі басым болып қала берді. Бұл құқықтық жүйелердің қатар өмір сүруі қазақ қоғамының империялық кезеңдегі трансформациясын түсінудің маңызды бағыты ретінде қарастырған жөн.

**Sources**

CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan
SHAR — State Historical Archive of Russia
Manuscript Fund of the Library of Kazan University

**Дереккөздер**

ҚР ОМА — Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архиві
РМТА — Ресей мемлекеттік тарихи архиві
Қазан университеті кітапханасының қолжазбалар қоры

**References**

Anisimova, 2024 — *Anisimova I.V.* Sudebnaia sistema Stepnogo kraia v usloviiakh frontirnoi modernizatsii (konets XVIII – 1920-e gg.) [The Judicial System of the Steppe Region under Frontier Modernization (Late 18th – 1920s)]: Doc. Diss. Barnaul, 2024. 496 p. [In Russ.].

Bekmakhanov, 1992 — *Bekmakhanov E.* Kazakhstan v 1820–1840-e gg. [Kazakhstan in the 1820s–1840s]. Alma-Ata: Kazakh University, 1992. 397 p. [In Russ.].

Burbank, 2006 — *Burbank J.* Imperial rights regime: Law and Citizenship in the Russian Empire. Kritika: Explorations in Russian and Eurasian History, 2006, 7(3), 431–458.

Chermak, 1906 — *Chermak L.* Novyi biurokraticheskii eksperiment nad kirgizami [A New Bureaucratic Experiment on the Kirghiz]. Sibirskie voprosy, 1906, No. 1, 107 p. [In Russ.].

Derevskova, 2004 — *Derevskova V.M.* Formirovanie i razvitie poreformennoi sudebnoi sistemy v Vostochnoi Sibiri v kontse XIX – nachale XX vv. [Formation and Development of the Post-Reform Judicial System in Eastern Siberia in the Late 19th – Early 20th Centuries]. Irkutsk, 2004. 344 p. [In Russ.].

Dobrosmyslov, 1904 — *Dobrosmyslov A.I.* Sud kirgiz Turgaiskoi oblasti v XVIII–XIX vv. [The Court of the Kyrgyz of the Turgai Region in the 18th and 19th Centuries]. Kazan, 1904. [In Russ.].

Izratsov, 1897 — *Izratsov N.* Etnograficheskoe obozrenie [Ethnographic Review]. M., 1897, No. 3. 36 p. [In Russ.].

Kirmse, 2023 — *Kirmse S.B.* Imperiia zakonnosti: pravovye izmeneniia i kul'turnoe raznoobrazie v pozdnei Rossiiskoi imperii [The Empire of Lawfulness: Legal Changes and Cultural Diversity in Late Imperial Russia]. Transl. from English by A. Lange. Moscow, 2023. 432 p. [In Russ.].

Kraft, 1898 — *Kraft I.I.* Sbornik zakonov o kirgizakh stepnykh oblastei [A Collection of Laws on the Kyrgyz of the Steppe Regions]. Orenburg, 1898. 884 p. [In Russ.].

Lyubichankovskiy, 2019 — *Lyubichankovskiy S.V.* Imperskaia politika akkulturatsii i problema kolonializma (na primere kochevykh i polukochevykh narodov Rossiiskoi imperii) [Imperial Policy of Acculturation and the Problem of Colonialism (Using the Example of Nomadic and Semi-Nomadic Peoples of the Russian Empire)]. Orenburg: OSAU Publishing Center, 2019. 480 p. [In Russ.].

Martin, 2001 — *Martin V.* Law and Custom in the Steppe: The Kazakhs of the Middle Horde and Russian Colonialism in the Nineteenth Century. Richmond, 2001. 264 p.

Sabol, 2017 — *Sabol S.* "The Touch of Civilization": Comparing American and Russian Internal Colonization. Boulder: University Press of Colorado, 2017. 298 p.

Sibirskaya zhizn, 1909 — *Sibirskaya zhizn* i imperskoe zakonodatel'stvo [Steppe Law and Imperial Legislation]. Tomsk, 1909. 91 p. [In Russ.].

Solovyev, 2018 — *Solovyev K.A.* Politicheskaia sistema Rossiiskoi imperii v 1881–1905 gg.: problema zakonotvorchestva [The Political System of the Russian Empire in 1881–1905: The Problem of Lawmaking]. Moscow, 2018. 351 p. [In Russ.].

Ualikhhanov, 2007 — *Ualikhhanov Sh.Sh.* Kazakhskie etnograficheskie nasledie [Kazakh Ethnographic Heritage]. Astana, 2007. 291 p. [In Russ.].

Vasin, 2008 — *Vasin K.L.* Administrativno-sudebnye reformy 1860–1890-kh gg. v stepnykh oblastyakh Zapadnoi Sibiri (Akmolinskaia, Semipalatinskaia i Semirechenskaia oblasti) [Administrative and Judicial Reforms of the 1860s–1890s in the Steppe Regions of Western Siberia]. Omsk, 2008. 27 p. [In Russ.].

Voropanov, 2009 — *Voropanov V.A.* Organizatsiia sudebnoi sistemy v Zapadnoi Sibiri v pervoi polovine XIX veka [Organization of the Judicial System in Western Siberia in the First Half of the 19th Century]. South Ural Historical and Legal Bulletin, 2009, Issue 4, 101–116. [In Russ.].

Zimanov, 2004 — *Zimanov S.* Kazakhskie osnovnye zakony: dokumenty, istochniki i issledovaniia [Kazakh Fundamental Laws: Documents, Sources, and Research]. Almaty, 2004. 666 p. [In Russ.].

**Әдебиеттер**

Анисимова, 2024 — *Анисимова И. В.* Судебная система Степного края в условиях фронтирной модернизации (конец XVIII – 20-е гг. XX в.): специальность 5.6.1. «Отечественная история»: диссертация на соискание ученой степени доктора исторических наук. Барнаул, 2024. 496 с.

Бекмаханов, 1992 — *Бекмаханов Е.* Казахстан в 20–40 годы XIX века. Алма-Ата, Қазақ университеті, 1992. 397 с.

Васин, 208 — *Васин К.Л.* Административные и судебные реформы 60–90-х гг. XIX в. в степных областях Западной Сибири (Акмолинской, Семипалатинской и Семиреченской). Омск, 2008. 27 с.

Воропанов, 2009 — *Воропанов В.А.* Организация судебной системы в Западной Сибири в первой половине XIX в. // Южно-Уральский историко-правовой вестник. 2009. Вып. 4. 101–116 с.

Любичанковский, 2019 — *Любичанковский С.В.* Имперская политика аккультурации и проблема колониализма (на примере кочевых и полукочевых народов Российской империи): монография. Оренбург: Издательский центр ОГАУ, 2019. 480 с.

Деревскова , 2004 — *Деревскова В.М.* Становление и развитие пореформенной судебной системы Восточной Сибири в конце XIX – начале XX вв. Иркутск, 2004. 344 с

Добросмыслов, 1904 — *Добросмыслов А.И.* Суд у киргиз Тургайской области в XVIII и XIX веках. Казань, 1904.

Зиманов, 2004 — *Зиманов С* Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер он томдық. Алматы, 2004. 666 б.

Израцов,1897 — *Израцов Н.* Этнографическое обозрение. Издание Этнографическаго Отдѣла. М., 1897. № 3. 36 с

Кирмзе, 2023 — *Штефан Б. Кирмзе.* Империя законности: юридические перемены и культурное разнообразие в позднеимперской России / Перевод с английского А. Ланге. Москва, 2023. 432 с.

Крафт, 1898 — *Крафт И. И.* Сборник узаконений о киргизах степных областей. Оренбург, 1898. 884 с.

Сибирская жизнь, 1909 — Степное право и имперский закон. Томск, 1909. 91 с.

Соловьев, 2018 — *Соловьев К.А.* Политическая система Российской империи в 1881-1905 гг.: проблема законотворчества. Москва, 2018. 351 с.

Уәлиханов, 2007 — *Уәлиханов Ш.Ш.* Қазақтың этнографиялық мұрасы. Астана, 2007. 291 б.

Чермак, 1906 — *Чермак Л.* Новый бюрократически опыт над киргизами. Санкт-Петербург //Сибирские вопросы, 1906, № 1. 107 с.

Burbank, 2006 — *Burbank Jane.* Imperial rights regime: Law and Citizenship in the Russian Empire. Kritika: Explorations in Russian and Eurasian History. 7 (3): 431.

Martin, 2001 — *Virginia Martin*. Law and Custom in the Steppe. The Kazakhs of the Middle Horde and Russian Colonialism in the Nineteenth Century. 2001. 264 p.

Sabol, 2017 — *Steve Sabol*. «The Touch of Civilization» Comparing American and Russian Internal Colonization. Boulder: University Press of Colorado, 2017. 298 p.

## CONTENTS

### HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

**Abdimomynov N.T., Ospanova A.O., Djumashev A.** FROM IDEOLOGY TO EMPIRICAL SYNTHESIS: THE EVOLUTION OF THE SOVIET RUSSIAN HISTORIOGRAPHY ON THE POLITICAL ECONOMY OF THE GOLDEN HORDE) ……............................7

**Kalfa M., Kozhakhan Zh., Beysegulova A.** THE HISTORY OF RESEARCH ON THE LEATHER-PROCESSING CRAFT OF THE KAZAKH PEOPLE……............................23

**Temirkhanov B., Mutaliyev M., Karakulak M.** THE IMAGE OF KHOJA AHMET YASSAWI IN THE "KAZAKH" NEWSPAPER…………............................36

### HISTORY

**Aldazhumanov K.S., Sandybayeva D.M., Abuov N.A.** KAZAKHSTANIS IN CAPTIVITY, THE PARTISAN MOVEMENT, AND THE EUROPEAN RESISTANCE…………............................46

**Barın E., Satayeva B.** THE CONSTRUCTIVE ROLE OF CULTURE AND LANGUAGE IN HISTORICAL DISCOURSE…………............................62

**Bulanov E., Tumabayev T., Safarov R.** THE BASMACHI MOVEMENT IN CENTRAL ASIA: HISTORICAL ORIGINS AND REGIONAL PECULIARITIES…………............................79

**Zholdassuly T., Madelkhanova M.** THE "KOSHCHI" UNION AND ITS ACTIVITIES IN THE KYZYLORDA REGION: A STUDY BASED ON ARCHIVAL MATERIALS (1920–1929)............................95

**Kasymbekova M.A., Vecihi S.F.H.** SOCIAL PREREQUISITES FOR THE EMERGENCE AND DEVELOPMENT OF SUFI ORDERS IN CENTRAL ASIA............................110

**Kokebayeva G.K., Bissembaiuly M.** FORCED MIGRATION AND ETHNIC POLICY IN WESTERN BELARUS AND WESTERN UKRAINE IN THE 1940s……............................124

**Kuanbay O.B., Apendiyev T.A., Ushkurbayeva A.E.** DEMOGRAPHIC DYNAMICS OF TAJIKISTAN: FERTILITY, MORTALITY, TRENDS AND FORECASTS (1990–2023)............................138

**Malikova S.Z., Tashagil A., Issakayeva A.M.** AUL BAIS: THE POLICY OF CONFISCATION AND DEPORTATION CONDUCTED IN THE BULAEV DISTRICT……............................154

**Muhametkhanuli N., Kurbanali Zh.** POLITICAL RELATIONS BETWEEN THE HAN DYNASTY AND THE XIONGNU AND THEIR INFLUENCE ON NOMADIC CIVILIZATION……............................168

**Mukhatova O.Kh., Seffat D.** KAZAKH – RUSSIAN DIPLOMATIC RELATIONS OF THE LATE 17TH – EARLY 18TH CENTURIES …………............................181

**Myrzabekova R., Zhakupova G., Rakhmonkulova Z.** FORCED LABOR SYSTEM IN THE TERRITORY OF THE KAZAKH SSR ON THE EXAMPLE OF JAPANESE PRISONERS OF WAR (1946–1956)…………194

**Nurpeissova E., Baydaly R., Abil Ye.** SOCIO-POLITICAL ACTIVITY OF ELDES OMAROV DURING THE YEARS OF CIVIL CONFRONTATION (1917–1919)…............................210

**Sarsembayeva G.A., Zhailaubayeva A.N., Ualtayeva A.** SOCIO–DEMOGRAPHIC PROCESSES IN THE CITIES OF EAST KAZAKHSTAN IN THE 90s OF THE XXth CENTURY (BASED ON THE EXAMPLE OF UST–KAMENOGORSK AND SEMIPALATINSK)............................225

**Sissenbayeva A., Kalybekova M.Ch., Abuov N.A.** KAZAKHSTANI PRISONERS OF WAR IN NAZI CONCENTRATION CAMPS DURING THE SECOND WORLD WAR: POSSIBILITIES FOR RECONSTRUCTING INDIVIDUAL FATES ON THE BASIS OF ARCHIVAL CARD FILES............................240

**Teleuova E.T., Zhumadil A.K.** THE FORMATION PATTERNS OF A HYBRID LEGAL MODEL IN THE 19TH CENTURY KAZAKH STEPPE……............................255

### ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

**Assylbekova N., Kistaubayeva A., Dospanov O.** KAZAKH ETHNOGRAPHIC COLLECTIONS OF THE KUNSTKAMERA: A MUSEOLOGICAL ANALYSIS……............................269

**Musabayev K., Sizdikov B., Maldybek A.** THE LOCALIZATION OF THE MEDIEVAL CITY OF SURI: BASED ON WRITTEN AND ARCHAEOLOGICAL SOURCES…………............................281

## МАЗМҰНЫ

### ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

**Абдимомынов Н.Т., Оспанова А.А., Жумашев А.М.** ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ДОГМАЛАРДАН ЭМПИРИКАЛЫҚ СИНТЕЗГЕ: АЛТЫН ОРДАНЫҢ САЯСИ ЭКОНОМИЯСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ КЕҢЕСТІК ТАРИХНАМАНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ……………………………………………………………………………………..................................7

**Калфа М., Қожахан Ж., Бейсегулова А.** ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТЕРІ ӨҢДЕУ КӘСІБІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ……………………………………………………................................................................. ..........23

**Темирханов Б., Муталиев М., Каракулак М.** ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ БЕЙНЕСІНІҢ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕГІ КӨРІНІСІ……………………………….........................................................................................36

### ТАРИХ

**Алдажұманов Қ.С., Сандыбаева Д.М., Абуов Н.А.** ТҰТҚЫНҒА ТҮСКЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР, ПАРТИЗАН ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ ЕУРОПАЛЫҚ ҚАРСЫЛАСУ ҚОЗҒАЛЫСЫ…………………………………………….....46

**Барын Е., Сатаева Б.** ТАРИХИ ДИСКУРСТАҒЫ МӘДЕНИЕТ ПЕН ТІЛДІҢ КОНСТРУКТИВТІК ҚЫЗМЕТІ……………………………………………………………………………………………………..62

**Бұланов Е.О., Тұмабаев Т.С., Сафаров Р.И.** ОРТА АЗИЯДАҒЫ БАСМАШЫЛАР ҚОЗҒАЛЫСЫ: ТАРИХИ БАСТАУЛАРЫ МЕН АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ……………….......................................................................79

**Жолдасұлы Т., Маделханова М.** «ҚОСШЫ» ОДАҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ӨҢІРІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ: АРХИВТІК МАТЕРИАЛДАР БОЙЫНША ЗЕРТТЕУ (1920–1929 жж.)…................................................................95

**Касымбекова М.Ә., Вежихи С.Ф.Х.** ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА СОПЫЛЫҚ ТАРИҚАТТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК АЛҒЫШАРТТАРЫ…………….............................................................................110

**Көкебаева Г.К., Бисембайұлы М.** 1940 ЖЫЛДАРДАҒЫ БАТЫС БЕЛАРУСЬ ПЕН БАТЫС УКРАИНАДАҒЫ МӘЖБҮРЛІ МИГРАЦИЯ ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ САЯСАТ…………….........................................................124

**Қуанбай О.Б., Әпендиев Т.Ә., Ушкурбаева А.Е.** ТӘЖІКСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДИНАМИКАСЫ: ТУЫЛУ МЕН ӨЛІМ-ЖІТІМ КӨРСЕТКІШІ, ТЕНДЕНЦИЯЛАР ЖӘНЕ БОЛЖАМДАР (1990–2023)…………..138

**Маликова С.З., Ташағыл А., Исакаева А.М.** АУЫЛ БАЙЛАРЫ: БУЛАЕВ АУДАНЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ТӘРКІЛЕУ ЖӘНЕ ЖЕР АУДАРУ САЯСАТЫ…….............................................................................................154

**Мұқаметханұлы Н., Құрбанәлі Ж.** ХАНЬ ДИНАСТИЯСЫ МЕН ҒҰНДАРДЫҢ САЯСИ ҚАТЫНАСТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ КӨШПЕНДІЛЕР ӨРКЕНИЕТІНЕ ЫҚПАЛЫ……………….........................................................168

**Мұхатова О.Х., Сеффат Д.** XVII Ғ. СОҢЫ – XVIII Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ОРЫС ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ…………………………………..………………………………........................181

**Мырзабекова Р., Жакупова Г., Байхоразова З.** ҚАЗАҚ КСР ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ МӘЖБҮРЛІ ЕҢБЕК ЖҮЙЕСІ ЖАПОН СОҒЫС ТҰТҚЫНДАРЫ МЫСАЛЫНДА (1946–1956)……………………………………....194

**Нурпеисова Э.Т., Байдалы Р.Ж., Әбіл Е.А.** ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚАРСЫЛАСУ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ (1917–1919 жж.)…..........................................................210

**Сарсембаева Г.А., Жайлаубаева А.Н., Уалтаева А.С.** XX ҒАСЫРДЫҢ 90–ы ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК–ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР (ӨСКЕМЕН МЕН СЕМЕЙ МЫСАЛЫНДА)………………………………………………………………….....................................225

**Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч., Абуов Н.А.** ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КОНЦЛАГЕРЬЛЕРДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘСКЕРИ ТҰТҚЫНДАР: АРХИВТІК КАРТОТЕКАЛАР НЕГІЗІНДЕ ОЛАРДЫҢ ТАҒДЫРЛАРЫН ҚАЙТА ҚАРАУ МҮМКІНДІКТЕРІ………………..........................................240

**Телеуова Э.Т., Жұмаділ А.Қ.** XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ГИБРИДТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҮЛГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ…………………………………………………………………….......255

### ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

**Асылбекова Н., Кистаубаева А., Доспанов О.** КУНСТКАМЕРАДАҒЫ ҚАЗАҚ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КОЛЛЕКЦИЯЛАРЫ: МУЗЕЙТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ……………...……………………....................................269

**Мұсабаев Қ., Сиздиков Б., Малдыбек А.** ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СУРИ ҚАЛАСЫНЫҢ ЛОКАЛИЗАЦИЯСЫ: ЖАЗБА ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ………………….…….......................................281

## СОДЕРЖАНИЕ
## ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

**Абдимомынов Н.Т., Оспанова А.А., Жумашев А.М.** «ОТ ИДЕОЛОГИЧЕСКИХ ДОГМ К ЭМПИРИЧЕСКОМУ СИНТЕЗУ: ЭВОЛЮЦИЯ СОВЕТСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ПОЛИТЭКОНОМИИ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ…………...7
**Калфа М., Кожахан Ж., Бейсегулова А.** ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ КОЖЕВЕННОГО РЕМЕСЛА КАЗАХСКОГО НАРОДА………………………………………………………..………………….........23
**Темирханов Б., Муталиев М., Каракулак М.** ОБРАЗ ХОДЖИ АХМЕДА ЯСАВИ В ГАЗЕТЕ «КАЗАХ»………36

## ИСТОРИЯ

**Алдажуманов К.С., Сандыбаева Д.М., Абуов Н.А.** КАЗАХСТАНЦЫ В ПЛЕНУ, ПАРТИЗАНСКОМ ДВИЖЕНИИ И ЕВРОПЕЙСКОМ СОПРОТИВЛЕНИИ…………………………………………….......................46
**Барын Е., Сатаева Б.** КУЛЬТУРА И ЯЗЫК КАК КОНСТРУКТИВНЫЕ ФАКТОРЫ ИСТОРИЧЕСКОГО ДИСКУРСА…………………………………………………………………………………….......................62
**Буланов Е.О., Тумабаев Т.С., Сафаров Р.И.** БАСМАЧЕСКОЕ ДВИЖЕНИЕ В СРЕДНЕЙ АЗИИ: ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОКИ И РЕГИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ………..…………………………...............79
**Жолдасулы Т., Маделханова М.** СОЮЗ «КОШЧИ» И ЕГО ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В КЫЗЫЛОРДИНСКОМ РЕГИОНЕ: ИССЛЕДОВАНИЕ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ МАТЕРИАЛОВ (1920–1929 гг.)...................................95
**Касимбекова М.А., Вежихи С.Ф.Х.** СОЦИАЛЬНЫЕ ПРЕДПОСЫЛКИ ВОЗНИКНОВЕНИЯ И РАЗВИТИЯ СУФИЙСКИХ ОРДЕНОВ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ…….............................................................................110
**Кокебаева Г.К., Бисембайулы М.** ВЫНУЖДЕННАЯ МИГРАЦИЯ И ЭТНИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА В ЗАПАДНОЙ БЕЛАРУСИ И ЗАПАДНОЙ УКРАИНЕ В 1940-х ГОДАХ……........................................................124
**Қуанбай О.Б., Апендиев Т.А,, Ушкурбаева А.Е.** ДЕМОГРАФИЧЕСКАЯ ДИНАМИКА ТАДЖИКИСТАНА: РОЖДАЕМОСТЬ, СМЕРТНОСТЬ, ТЕНДЕНЦИИ И ПРОГНОЗЫ (1990–2023 ГГ.)...............................................138
**Маликова С.З., Ташагыл А., Исакаева А.М.** АУЛЬНЫЕ БАИ: ПОЛИТИКА КОНФИСКАЦИИ И ВЫСЕЛЕНИЕ ПРОВЕДЕННАЯ В БУЛАЕВСКОМ РАЙОНЕ………..………………….……………………………..............154
**Мукаметханулы Н., Құрбанали Ж.** ПОЛИТИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ ДИНАСТИИ ХАНЬ И ХУННУ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА ЦИВИЛИЗАЦИЮ КОЧЕВНИКОВ…………………..………………………………………......168
**Мухатова О.Х., Сеффат Д.** КАЗАХСКО – РУССКИЕ ДИПЛОМАТИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ КОНЦА XVII – НАЧАЛА XVIII ВВ……………………………………………………………………………...……181
**Мырзабекова Р., Жакупова Г., Рахмонкулова З.** СИСТЕМА ПРИНУДИТЕЛЬНОГО ТРУДА НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСКОЙ ССР НА ПРИМЕРЕ ЯПОНСКИХ ВОЕННОПЛЕННЫХ (1946–1956 гг.)……………..…….........194
**Нурпеисова Э.Т., Байдалы Р.Ж., Абиль Е.А.** ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЕЛДЕСА ОМАРОВА В ГОДЫ ГРАЖДАНСКОГО ПРОТИВОСТОЯНИЯ (1917–1919 гг.)...................................................210
**Сарсембаева Г.А., Жайлаубаева А.Н., Уалтаева А.С.** СОЦИАЛЬНО–ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В ГОРОДАХ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В 90–е ГОДЫ XX ВЕКА (НА ПРИМЕРЕ УСТЬ–КАМЕНОГОРСКА И СЕМИПАЛАТИНСКА)……………………………………………………………………….............................225
**Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч., Абуов Н.А.** ВОЕННОПЛЕННЫЕ-КАЗАХСТАНЦЫ В КОНЦЛАГЕРЯХ ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ: ВОЗМОЖНОСТИ РЕКОНСТРУКЦИИ СУДЕБ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ КАРТОТЕК……………………………………………………………………………………………………..240
**Телеуова Э.Т., Жумадил А.К.** ЗАКОНОМЕРНОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ГИБРИДНОЙ ПРАВОВОЙ МОДЕЛИ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В XIX ВЕКЕ…..........................................................................................................255

## ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

**Асылбекова Н., Кистаубаева А., Доспанов О.** КАЗАХСКИЕ ЭТНОГРАФИЧЕСКИЕ КОЛЛЕКЦИИ КУНСТКАМЕРЫ: МУЗЕЕВЕДЧЕСКИЙ АНАЛИЗ……………..…………………………….…..............269
**Мусабаев К., Сиздиков Б., Малдыбек А.** ЛОКАЛИЗАЦИЯ СРЕДНЕВЕКОВОГО ГОРОДА СУРИ: НА ОСНОВЕ ПИСЬМЕННЫХ И АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ СВИДЕТЕЛЬСТВ……...........................................................................281

**ASIAN JOURNAL “STEPPE PANORAMA”**
2026. 13 (1)
*Бас редактор:*
Қабылдинов З.Е.

*Компьютерде беттеген:*
Копеева С.Ж.

*Құрылтайшысы және баспагері:*
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: https://ajspiie.com

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй